

«Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛДІ  
(№5 шешім, 28 желтоқсан 2021 жыл)

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау, Басқарманың, Ішкі  
аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау  
туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау туралы ереже (бұдан әрі - *Ереже*) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ (бұдан әрі – *Қоғам*) Жарғысына сәйкес әзірленді және бағалау жүргізу процесін реттейді.

2. Бағалаудың негізгі мақсаттары Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділін арттыру болып табылады.

3. Бағалауды/өзін-өзі бағалауды Директорлар Кеңесі жүргізеді және келесідей мүмкіндіктер береді:

1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының өз жұмысының күшті және әлсіз жақтарын (артықшылықтары мен кемшіліктерін) айқындау;

2) Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы қызметінің бағыттарын түзету;

3) Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін және Корпоративтік хатшыны оқыту және біліктілігін арттыру қажеттілігін айқындау.

4. Директорлар кеңесі бағалаудың/өзін-өзі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асыра алады:

1) Директорлар кеңесі жұмысының жалпы тиімділігін, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауын өзін-өзі бағалау;

2) Басқарма мен оның Төрағасының қызметін бағалау;

3) Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау;

4) Корпоративтік хатшының қызметін бағалау;

5. Бағалау мынадай қағидаттарға сәйкес жүргізілуге тиіс:

1) объективтілік;

2) бағалау көрсеткіштерін бағалауды және нақтылауды жүргізудің тұрақтылығы;

3) кешенділік.

6. Жалпы Директорлар кеңесінің және әрбір мүшесінің қызметіне жыл сайынғы өзін-өзі бағалауды, Басқарманың және оның Төрағасының, жалпы Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізуге жауапты тұлға Корпоративтік хатшы болып табылады.

7. Бағалау/өзін-өзі бағалау:

1) өз күштерімен сауалнама жүргізу арқылы;

2) консультациялық қызметтер көрсететін адамдарды тарта отырып (бұдан әрі – *Консультант*);

3) аралас тәсілді пайдалана отырып: сауалнама жүргізу және сырттан Консультанттарды тарту арқылы;

4) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

## **2. Бағалау жүргізу процесі**

8. Бағалау/өзін-өзі бағалау жүргізу туралы шешімді Жалғыз акционер/Директорлар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген шешімде бағалау/өзін-өзі бағалау жүргізудің нақты мерзімдері (кестесі) және талап етілетін ресурстар (мысалы, материалдар, ақпарат, есептер және т.б.) айқындалады.

9. Бағалау/өзін-өзі бағалау жүргізу үшін Консультантты тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, осы шешім нақты негіздемемен расталуға тиіс. Атап айтқанда, Консультантты тарту үшін мынадай жағдайлар негіз болуы мүмкін:

- Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін сыни бағалау қажеттілігі;

- алдыңғы бағалаудың/өзін-өзі бағалаудың тиімді нәтижелерінің болмауы;

- Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру сияқты маңызды корпоративтік оқиғалар алдында;

- Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған өзге де жағдайлар.

10. Бағалау/өзін-өзі бағалау жыл сайын жылдық қаржылық есептілік аудитін аяқтау қорытындылары бойынша жүргізіледі.

11. Бағалау/өзін-өзі бағалау жүргізу процесін Жалғыз акционер/Директорлар кеңесінің Төрағасы үйлестіреді.

12. Бағалау/өзін-өзі бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жабық отырысында талқыланады, оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы ғана қатысады.

13. Осы отырыста Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының

қызметін тұжырымдамалық тұрғыдан талқылап, олардың жұмысының тиімділігін төмендеткен факторларды анықтап, тиімділікті арттыру жолдарын ұсынуы, Қоғам қызметін басқару мен бақылаудың бірқатар түйінді проблемаларын талқылауы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелері жұмыс жылының қорытындысы бойынша ұсынымдар береді.

14. Жалпы бағалау/өзін-өзі бағалау процесі талқылауды ынталандыруы керек:

1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының ролдері мен функцияларын;

2) Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының жұмыс басымдықтарын;

3) Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы жалпы меңгеруі тиіс білімнің, іскерліктің, тәжірибенің және жеке қасиеттердің болуын;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу практикасын, олардың тұрақтылығын, Директорлар кеңесінің қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелерін қоса алғанда, Директорлар кеңесі жұмысының қолданыстағы рәсімдерін;

5) Қоғамның ағымдағы позициясы және оның даму перспективаларын;

6) Қоғам қызметін дамытудағы Басқарма Төрағасы – Ректордың ролін.

15. Басқарма мен оның Төрағасын, Ішкі аудит қызметін және оның басшысын бағалау нәтижелерін талқылау кезінде бағаланушылар қатыспайды. Аталған адамдар өз қызметін бағалау процесіне тартылмауы тиіс.

16. Бағалау/өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мынадай шаралар қолдануы мүмкін:

1) Директорлар кеңесіне, Басқармаға, Ішкі аудит қызметіне және Корпоративтік хатшыға назар аудару қажет бірнеше басты міндеттерді/бағыттарды бөліп көрсету;

2) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының жұмыс жоспарлары мен әдістеріне ұсынымдар енгізу;

3) Басқарма Төрағасы – Ректорды және Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін, сондай-ақ Корпоративтік хатшыны сайлау кезіндегі бағалау нәтижелерін назарға алуға.

17. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар Кеңесінің мүшелеріне бағалау жүргізуге арналған нысандарды жібереді.

18. Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы тарапынан назар аударуды талап ететін бағалаудың орташа балы үш балдық бағалау кезінде 2-ден төмен, бес балдық бағалау кезінде 3-тен төмен болған өлшемшарттар жұмыстағы олқы жақтар деп танылады.

19. Жиналған ақпаратты жүйелеуді және өңдеуді жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы оның объективтілігі мен құпиялылығы үшін жауап береді.

### **3. Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің қызметін өзін-өзі бағалау критерийлері**

20. Жалпы Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау өлшемдері:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету;
- 2) Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы;
- 3) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Төрағасының рөлі мен міндеттері;
- 4) Директорлар кеңесі жұмысының рәсімдері;
- 5) Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасымен өзара іс-қимылы.

21. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін жеке өзін-өзі бағалау олардың Директорлар кеңесінің жұмысына қатысуын жандандыруға және жалпы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктер табуға мүмкіндік береді.

22. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне жеке өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде мынадай факторларға ерекше назар аудару ұсынылады:

- 1) Директорлар кеңесінің жауапкершілік саласына кіретін мәселелердегі құзыреттілік;
- 2) қызмет бағытын жүргізу саласының ерекшеліктері мен саласын білу;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысына қатысу;
- 4) Директорлар кеңесі отырысында талқылауға қатысу дәрежесі;
- 5) Директорлар кеңесі отырысындағы белсенділік және шешімдер қабылдау процесіндегі дауыс беру сипаты;
- 6) Директорлар кеңесі мүшесінің жеке сипаттамалары және оның жұмысының тиімділігіне әсері (ұжымда жұмыс істей білу, қарым-қатынас жасау үшін қол жетімділік, өз көзқарасын қорғай білу, басқа біреудің пікірімен санасу қабілеті, қызметтің этикалық стандарттары).

23. Жалпы Директорлар кеңесін және Директорлар кеңесінің мүшелерін өзін-өзі бағалау үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 1-қосымшаға және 2-қосымшаға сәйкес сауалнамаларды толтырады.

### **4. Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау критерийлері**

24. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитет Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметіне алдын ала бағалау жүргізеді және оның нәтижелерін Директорлар кеңесінің отырысында қорытынды бағалау жүргізу үшін Корпоративтік хатшыға береді.

25. Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау кезінде Ішкі аудит қызметі қызметінің Ішкі аудит қызметі туралы бекітілген Ережеге сәйкестігі және

Ішкі аудит қызметі қызметінің нәтижелерінің Директорлар кеңесінің күтулеріне сәйкестігі назарға алынады.

26. Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметін бағалау ішкі аудит қызметінің жұмысын жандандыру және оның қызметінің тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктер табу мақсатында жүргізіледі.

27. Жалпы Ішкі аудит қызметін және оның басшысын бағалау үшін Аудит жөніндегі комитеттің әрбір мүшесі 3-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады. Ішкі аудит қызметі мен оның басшысының қызметін талқылауды, жинақтауды және қорытынды бағалауды Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

## **5. Басқарма және Басқарма Төрағасы – Ректордың қызметін бағалау критерийлері**

28. Басқарма мен оның Төрағасының қызметін бағалау өлшемдері:

- 1) Басқарма мүшелерінің міндеттерін функционалдық орындауы;
- 2) Қоғам Басқармасының Стратегиялық жоспарды және Даму жоспарын әзірлеуге және іске асыруға қосқан үлесін бағалау;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелерін Қоғамдағы істердің ағымдағы жағдайы туралы толық және дұрыс ақпараттандырудың тиімді жүйесін енгізуі.

29. Басқарма Төрағасы – Ректордан басқа Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі жалпы Басқарманы және Басқарма Төрағасы – Ректорды бағалау үшін 4-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

## **6. Корпоративтік хатшының қызметін бағалау критерийлері**

30. Корпоративтік хатшының қызметін бағалау кезінде жүргізіледі:

- 1) Корпоративтік хатшының қызметін Қоғам Жарғысының және Корпоративтік хатшы туралы Ереженің нормаларымен салыстыру;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының ұйымдастырылуын бағалау;
- 3) Корпоративтік хатшының өз функционалдық міндеттерін орындауын бағалау;
- 4) Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылдың тиімділігін бағалау.

31. Корпоративтік хатшыны бағалау үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі 5-қосымшаға сәйкес сауалнама толтырады.

## **7. Бағалау нәтижелерін қарау тәртібі**

32. Толтырылған сауалнамалар Корпоративтік хатшыға беріледі.

33. Корпоративтік хатшы сауалнамаларда алынған деректерді мынадай жолдармен өңдейді:

- 1) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырған сауалнама бойынша сандық ақпараттың орташа мәндерін есептеу;

2) жұмыс тиімділігінің жалпы бағасын сипаттайтын бағалау/өзін-өзі бағалау критерийлерінің әрқайсысы бойынша (Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы) жалпы орташа мәнді есептеу;

3) әрбір бағалау объектісі бойынша барлық түсіндірмелер мен тілектерді авторды көрсетпей қорытындылау.

34. Деректерді өңдеу аяқталғаннан кейін пікірлердің құпиялылығын сақтау мақсатында Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінен алынған барлық сауалнамаларды жояды.

35. Корпоративтік хатшы бағалаудың/өзін-өзі бағалаудың жинақталған нәтижелерін және тәуекелдер мен даму аймақтары туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің отырысында зерделеу және одан әрі талқылау үшін Директорлар Кеңесінің Төрағасына береді.

36. Осы отырыс барысында Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бағалау нәтижелері тақырыбында сөз сөйлеу құқығын береді, бағалау объектілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар бойынша олардың ұсыныстарын жинайды. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшелері қалауы бойынша өзінің анонимділігін аша алады, яғни, олардың әрқайсысы қандай бағалар, түсіндірмелер мен ұсынымдар бергенін хабарлай алады.

37. Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін дамыту мен жетілдірудің бағыттары мен нақты іс-шаралары туралы Директорлар Кеңесінің қабылдаған шешімдері отырыста бағалау/өзін-өзі бағалау нәтижелерін қараудың қорытындысы болуы тиіс.

## **8. Қорытынды ережелер**

38. Ережені бекіту, сондай-ақ ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде бағалау/өзін-өзі бағалау критерийлерін өзгерту Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

## ЖАЛПЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН НЫСАН

1. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесімен құпиялылықты сақтай отырып толтырылады.
2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін және қойылған сұрақтың жауабын сипаттайтын баллды белгілеу қажет.  
1 – мүлдем келіспеймін                      2 - келіспеймін                      3 – бейтарап позицияда қаламын                      4 - келісемін                      5 – толықтай келісемін
3. Ерекше ой, пікірлер, ұсыныстар немесе тілектер болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.

№	Бағалау критерийлері	Бағалау баллы	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
1	Директорлар кеңесінің мүшелері өз өкілеттіктерін және бірінші кезектегі міндеттерін түсінеді		
2	Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық маңыздылығын және конструктивизмін көрсетеді (Директорлар кеңесі Қоғамға стратегиялық басшылықты жүзеге асырады, Басқарманың сыншысы болып табылады)		
3	Директорлар кеңесі құндылықтарды, миссияны, даму стратегиясын түсінеді, негізгі мәселелерді қабылдау кезінде аталғандардың барлығын ескереді		
4	Директорлар кеңесінің мүшелері ұсынған іске асырылған бастамалар саны		
5	Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері шын мәнінде тәуелсіз болып табылады		
6	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырыстарына тұрақты түрде қатысады		
7	Директорлар кеңесінің мүшелерінде Директорлар кеңесінің отырыстарынан басқа, Қоғам Басқармасының мүшелерімен қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті мүмкіндіктер бар		
8	Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына тиімді басшылықты жүзеге асырады		
9	Директорлар кеңесінің мүшелерінде Директорлар кеңесінің құрамында өз функцияларын тиімді орындау үшін жеткілікті уақыт болады		
10	Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам Басқармасынан негізделген шешімдер қабылдау үшін жеткілікті ақпарат алады		
11	Сіздің ойыңызша, Директорлар кеңесі келесі жылы күш-жігерін жұмылдыруы керек үш бағытқа дейін атаңыз	1. 2. 3.	
<b>Балдардың орташа мәні</b>			

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

1. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі құпиялылықты сақтай отырып толтырады, оның ішінде өзін-өзі бағалау жүргізіледі.
2. 1-ден 3-ке дейінгі шкала бойынша Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін баллды белгілеу қажет:  
*1- қанағаттанарлық;                      2 - жақсы;                      3- өте жақсы;*
3. Ерекше ой, пікірлер, ұсыныстар немесе тілектер болған жағдайда сауалнаманың тиісті бөлімін толтыру қажет.
4. Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 3-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.

Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Кәсіби тәжірибесі	Сала ерекшелігін білуі	Стратегиялық көзқарасы (ұсынымдар)	Отырыстарға қатысуы	Дауыс беру кезіндегі белсенділігі	Қабылданған бастамалар саны	Отырыстарға қатысуының белсенділігі
Директорлар кеңесінің мүшесі 1							
Директорлар кеңесінің мүшесі 2							
Директорлар кеңесінің мүшесі 3							
Директорлар кеңесінің мүшесі 4							
Директорлар кеңесінің мүшесі 5							
Директорлар кеңесінің мүшесі 6							
Директорлар кеңесінің мүшесі 7							
<b>Балдардың орташа мәні</b>							
<p><b>Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі</b> (Директорлар кеңесінің мүшесі қандай факторлар оған Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу деңгейіне әсер ететінін өзінің дағдылары мен білімін көрсетуге кедергі келтіретін, өзінің білімін жетілдіру қажет салаларды (бағыттарды) және т. б. атап өтуіне болады):</p>							



## ЖАЛПЫ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСШЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН НЫСАН

1. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесімен құпиялылықты сақтау жағдайында толтырылады.

2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі сұрақтар/тұжырымдар туралы Сіздің пікіріңіз қандай балға сәйкес келетінін белгілеңіз

*1 - мүлдем келіспеймін    2 - келіспеймін    3 - бейтарап позицияны ұстаймын    4 - келісемін    5 – толықтай келісемін*

3. Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.

Бағалау критерийлері	Бағалау баллы	<i>Пікірлер / ұсыныстар / тілектер</i>
<b>Жалпы Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау</b>		
1	Қоғамда Қоғамның Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі - ІАҚ) Басқарма мен Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен нақты тәуелсіздігі қамтамасыз етіледі	
2	ІАҚ қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде объективті	
3	Қоғам Басқармасы Қоғамның ІАҚ анықтаған табулар бойынша барабар шаралар қабылдауда	
4	ІАҚ Қоғам Басқармасы алдында сенімге ие	
5	ІАҚ құрамы (қызметкерлерінің білімі мен тәжірибесі тұрғысынан) оған ІАҚ туралы ережеде жүктелген міндеттерді орындауға мүмкіндік береді	
6	ІАҚ есептерде негізгі мәселелер мен тәуекелдерді қысқаша сипаттайды, ІАҚ ұсынымдары мен бұзушылықтарды тудырған себептер арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік беретін қажетті мәліметтерді келтіреді	
7	Күн тәртібінің әрбір мәселесіне қоғамның ІАҚ ұсынатын қорытындылар Директорлар кеңесі мүшелерінің күтулерін қанағаттандырады	
8	Қоғамның ІАҚ қызметкерлері жыл сайын өз біліктіліктерін арттырып, оқытудан өтеді	
<b>Балдардың орташа мәні</b>		

<b>Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау</b>		
1	ІАҚ басшысының нақты білімі, тәжірибесі мен дағдылары оған Қоғамның ІАҚ тиімді басшылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді	
2	ІАҚ басшысы кәсіби ортадағы соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар болып отырады (стандарттар, заңнама және т. б.)	
3	ІАҚ басшысы эмоцияларға берілмей, отырыстарда анықталған табулар бойынша сараланған пайымдаулар айтады	
4	ІАҚ басшысы, егер өзінің дұрыстығына сенімді болса, Қоғам Басқармасы алдындағы өз ұстанымын соңына дейін қорғайды	
5	ІАҚ басшысы Жылдық аудиторлық жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді	
6	ІАҚ басшысы есеп мәтінінің грамматикалық және стилистикалық дұрыстығын тексеруді қамтамасыз етеді	
7	ІАҚ басшысы Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайынғы және жылдық есептерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді	
8	ІАҚ басшысы Қоғам үшін ішкі аудиттің барынша пайдалылығын қамтамасыз ету үшін ІАҚ-н тиімді басқарады	
<b>Балдардың орташа мәні</b>		

## ЖАЛПЫ БАСҚАРМА МЕН ОНЫҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН НЫСАН

1. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесімен құпиялылықты сақтау жағдайында толтырылады.

2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі сұрақтар/тұжырымдар туралы Сіздің пікіріңіз қандай баллға сәйкес келетінін белгілеңіз

*1-мүлдем келіспеймін*    2-келіспеймін    3-бейтарап позицияны ұстаймын    4-келісемін    5-толықтай келісемін

3. Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.

Бағалау критерийлері		Бағалау баллы	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
1	Қоғам Басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді тиімді іске асырады		
2	Басқарма мүшелерінің нақты білімі, тәжірибесі мен дағдылары оларға Қоғамды тиімді басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді		
3	Қоғам Басқармасының жұмысы мақсаттар мен міндеттердің бірлігін, командалық бірлікті көрсетеді		
4	Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесінің отырыстарына шығаратын материалдардың сапасы Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарын қанағаттандырады		
5	Директорлар Кеңесінің отырыстары кезінде Қоғам Басқармасының баяндамалары ақылға салынған шешімдер қабылдау үшін жеткілікті анық ақпарат береді		
6	Басқарма Қоғамның Жалғыз акционерімен және Директорлар кеңесімен өзара іс-қимыл бойынша корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құрады		
7	Қоғам Басқармасы Қоғамның Стратегиялық жоспарын іске асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды		
8	Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыстарға ұсынылатын ақпарат қысқа және ыңғайлы құрылымдалған		

9.	Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесінің тапсырмаларын уақтылы және толық көлемде орындайды		
<b>Балдардың орташа мәні</b>			
	<b>Басқарма Төрағасының қызметін бағалау</b>		
1	Басқарма Төрағасы Қоғамға тиімді басшылықты қамтамасыз етеді		
2	Басқарма Төрағасы Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді		
3	Басқарма Төрағасы алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін бастама көтереді		
4	Басқарма Төрағасы есеп берушіліктің жоғары деңгейін көрсетеді және Директорлар кеңесін қойылған міндеттерді орындау жолында ілгерілеу туралы хабарлайды		
5	Басқарма Төрағасы саланы білудің стратегиялық пайымының жоғары деңгейіне ие		
6	Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің отырыстарына дайындықтың жоғары деңгейін көрсетуде		
7	Басқарма Төрағасының мінез-құлқы іскерлік мінез-құлықтың тиісті практикасына толық көлемде сәйкес келеді		
<b>Балдардың орташа мәні</b>			

### КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

- 1. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесімен құпиялылықты сақтау жағдайында толтырылады.**
- 2. 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша келесі сұрақтар/тұжырымдар туралы Сіздің пікіріңіз қандай балға сәйкес келетінін белгілеңіз**  
*1 - мүлдем келіспеймін    2 - келіспеймін    3 - бейтарап позицияны ұстаймын    4 - келісемін    5 – толықтай келісемін*
- 3. Корпоративтік хатшы сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1-ден 5-ке дейінгі белгімен жауаптардың жалпы санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәні есептеледі, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі жасалады.**

Бағалау критерийлері		Бағалау баллы	Пікірлер / ұсыныстар / тілектер
1	Өзінің функциялары мен лауазымдық міндеттерін нақты түсінеді		
2	Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді		
3	Директорлар кеңесінің жыл сайынғы жұмыс жоспарының жобасын әзірлеуді қамтамасыз етеді		
4	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сұратылған ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді		
5	Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің материалдары, Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін құжаттардың ережелері бойынша консультация береді		
6	Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам Жарғысы, ішкі құжаттар мен үдерістер мәселелері бойынша кеңес береді		
7	Директорлар Кеңесінің мүшелеріне күн тәртібі мен материалдарды уақтылы жібереді		
8	Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді		
9	Қоғамның Директорлар кеңесі, Басқармасы және қызметкерлері арасында уақтылы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді		
10	Қоғамда корпоративтік басқару саласындағы саясат пен практиканы жетілдіруге ықпал етеді		

**Балдардың орташа мәні**